

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын
бақылау мен қадағалау комитетімен

2012 жылдың 30 шілдесінде

Келісілді

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Биржалық кеңесінің шешімімен

(2012 жылдың 28 мамырындағы
№ 10 отырыс хаттамасы)

Бекітілді

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын
бақылау мен қадағалау комитетінің
Төрағасы

2012 жылдың 20 тамызында

Қолданысқа енгізілді

К.Б.ҚОЖАХМЕТОВ

Инсайдерлік ақпараттарды пайдаланудың ішкі бақылауын жүргізу ЕРЕЖЕЛЕРІ

Алматы қ.

2012

1 бөлім. Жалпы қағидалар

1. "Қазақстан қор биржасы" АҚ инсайдерлік ақпараттарды пайдаланудың ішкі бақылауын жүргізу ережелері (бұдан әрі – Ережелер) Қазақстан Республикасының заңнамасына және "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі - Биржа) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.
2. Осы Ережелер инсайдерлік ақпараттарды пайдаланудың ішкі бақылауын жүзеге асыру тәртібін реттейді және оның құрамына:
 - 1) Биржаның инсайдерлік ақпараттарды құрастыру, бекіту тәртібі, оны актуалды күйінде ұстау және тізімін ашу тәртібі;
 - 2) инсайдерлер тізімін жүргізу және тұлғаларды Биржа инсайдерлері тізіміне (тізімінен) енгізу (шығару) туралы хабарлау тәртібі, соның ішінде аталмыш тұлғаларға осы Ережелердің және Қазақстан Республикасының тиісті заңнаманың талаптары туралы ақпараттандыру және, қызмет дәрежесі мен еңбектік міндеттеріне байланысты Биржаның инсайдерлік ақпаратын алуға рұқсаттамасы бар қызметкерлер туралы ақпараттарды ұсыну тәртібі;
 - 3) Биржаның инсайдерлік ақпаратының құпиялылығын қорғау тәртібі;
 - 4) Биржаның инсайдерлік ақпаратына рұқсаттама алу құқығына шектеулер қою және мониторинг жүргізу тәртібі;
 - 5) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығында инсайдерлік ақпараттың заңсыз қолданылуын және (немесе) айла-шарғы жасаудың алдын алу тәртібі;
 - 6) Биржаның және оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және ішкі бақылау ережелерін сақтауын бақылау жүргізу тәртібі кіреді.
3. Осы Ережелер Биржа қызметінің барлық түрлеріне қатысты қолданылады. Биржаның барлық құрылымдық бөлімшелері мен барлық қызметкерлері осы Ережелермен танысуға міндетті болып табылады.
4. Осы Ережелерде келесі ұғымдар пайдаланылған:
 - 1) инсайдерлік ақпарат – коммерциялық құпия болып табылатын, сондай-ақ үшінші жақтарға ашылмайтын, егер ашылған жағдайда бағалы қағаздардың (туынды қаржы құралдарының) құны өзгеруіне және эмитенттің қызметіне кері ықпал ететін, бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдар), олармен жасалған мәмілелер, сондай-ақ бағалы қағаздарды (туында қаржы құралдарын) шығарған (ұсынған) эмитенті, оның қызметі туралы нақты ақпарат.
 - 2) инсайдер – инсайдерлік ақпарат алуға рұқсаттамасы бар, тұлға;
 - 3) жалпыға ортақ ақпарат – иесі немесе меншіктенушісі пайдаланудың қандай да бір шарттарын көрсетпей, соның ішінде, оларға қол жеткізу ашық және оларды беру формасы мен тарату тәсілі еркін болып табылатын, мәліметтер;
 - 4) уәкілетті орган – бағалы қағаздар нарығының бақылауы мен қадағалауын жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы;
 - 5) Биржаның өкілетті бөлімшесі – төмендегілерге жауап беретін, Биржаның құрылымдық бөлімшесі:
 - инсайдерлік ақпаратқа жататын, ақпараттар тізімін актуалды күйінде ұстау;
 - инсайдерлік ақпаратты пайдаланудың ішкі бақылауын жүргізу;
 - инсайдерлік ақпаратқа рұқсаттама алу құқығын шектеу және инсайдерлердің осындай ақпаратты заңсыз қолдануына мүмкіндік бермеу;
 - инсайдерлік ақпаратты ашудың тәртібі мен мерзімдері;
 - инсайдерлік ақпарат алуға рұқсаттамасы бар тұлғалар тізімі, сондай-ақ осы тізімнен шығарылғандар туралы мәліметті актуалды күйінде ұстау;

- Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген, тізімге енгізу (тізімнен шығару) жағдайында тұлғаларды ескерту тәртібі мен мерзімдерін қамтамасыз ету;
 - заңды тұлға - инсайдерлердің Биржаға, қызмет дәрежесі және еңбектік міндеттері бойынша Биржаның инсайдерлік ақпарат алуға рұқсаттамасы бар, өз қызметкерлері туралы ақпараттарды ұсыну тәртібі мен мерзімдері қамтамасыз ету.
- 6) қаржы құралы – ақша, бағалы қағаздар, соның ішінде туынды қаржы құралдары және басқа да қаржы құралдарымен жасалған операциялар нәтижесінде бір ұйымның қаржылық активі пайда болуымен қатар, екіншісінде – қаржылық міндеттеме немесе үлестік құрал пайда болады.

2 бөлім. Биржаның инсайдерлік ақпаратының тізілімін құрастыру, бекіту, актуалды күйінде ұстау және ашу тәртібі

5. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, Биржаның инсайдерлік ақпараттар тізілімін (бұдан әрі – тізілім) Биржа әзірлеп, актуалды күйінде ұстайды.
6. Тізілімді және оған енгізілетін толықтырулар мен өзгертулерді, қызметінде инсайдерлік ақпараттар қолданылатын, Биржаның құрылымдық бөлімшелері ұсынған ақпараттар негізінде, Биржаның өкілденген бөлімшесі әзірлейді.
7. Тізілім Биржаның жеке ішкі құжаты ретінде әзірленеді. Тізілім, сондай-ақ оған енгізілетін толықтырулар мен өзгертулер Биржа Басқармасымен келісіліп, Биржалық кеңестің шешімімен бекітіледі.
9. Тізілім, сондай-ақ оған енгізілетін толықтырулар мен өзгертулер, Интернет желісінде Биржаның ресми веб-сайтында мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланды.

3 бөлім. Инсайдерлердің тізімін жүргізу және Биржа инсайдерлерінің тізіміне енгізу (тізімінен шығару) туралы тұлғаларға хабарлау, соның ішінде аталмыш тұлғаларды осы Ережелердің және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары туралы ақпараттандыру және қызмет дәрежесі мен еңбектік міндеттері бойынша Биржаның инсайдерлік ақпараттарын алуға рұқсаттамасы бар қызметкерлер туралы ақпараттарды беру тәртібі

9. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес инсайдерлерге:
 - 1) Биржалық кеңес мүшелері;
 - 2) Биржаның Листингілік комиссиясының мүшелері;
 - 3) Биржаның Сараптық комитетінің мүшелері;
 - 4) қызмет дәрежесі мен еңбектік міндеттері бойынша Биржаның инсайдерлік ақпараттарын алуға рұқсаттамасы бар қызметкерлер;
 - 5) Биржа эмитентінің дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан көп пайызын иеленген, пайдаланатын және (немесе) тікелей немесе жанама түрде билеу негізінде инсайдерлік ақпараттар алуға рұқсаттамасы бар тұлғалар;
 - 6) аудиторлық ұйым, бағалаушы, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы және жасалған тиісті келісім-шартқа сәйкес Биржаға қызметтер көрсететін, өзге де тұлғалар;
 - 7) оларға тиесілі функциялары негізінде бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметіне мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүргізетін, инсайдерлік ақпараттар алуға рұқсаттамасы бар, мемлекеттік қызметшілер;
 - 8) берілген өкілеттіліктері негізінде инсайдерлік ақпараттар алуға рұқсаттамасы бар, Биржа, эмитенттер, және осы тармақтың 5) және 6) тармақшаларында аталған, ұйымдар солардың мүшелері болып табылатын, қоғамдық бірлестіктер мен өзін-өзі реттейтін ұйымдар;

- 9) қызметтік дәрежесі мен еңбектік міндеттері негізінде инсайдерлік ақпараттар алуға рұқсаттамасы бар, осы тармақтың 5), 6) және 8) тармақшаларында аталған ұйымдардың қызметкерлері;
- 10) осы тармақтың 1)-9) тармақшаларында аталған тұлғалардан инсайдерлік ақпарат алған, тұлғалар жатады.
10. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, инсайдерлер:
 - 1) инсайдерлік ақпаратты бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәмілелер жасағанда пайдалануға;
 - 2) Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, инсайдерлік ақпаратты үшінші жақтарға беруге немесе қол жетерлік етуге;
 - 3) инсайдерлік ақпараттар негізінде бағалы қағаздармен мәміле жасағанда үшінші жақтарға нұсқау беруге құқы жоқ.
11. Биржа, тұрақты немесе уақытылы түрде инсайдерлік ақпараттар алуға рұқсаттамасы бар тұлғаның осындай құқығының бар-жоғына қарамастан, осы Ережелердің 9 тармағында аталған, тұлғалардың санаты негізінде инсайдерлер тізімін жүргізеді.
12. Биржа инсайдерлерінің тізіміне келесі ақпараттар кіреді:
 - 1) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), оның туылған күні, жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса) (бұдан әрі – ЖСН);
 - 2) заңды тұлғаның атауы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуін (қайта тіркеуін) растайтын құжаттың деректемелері;
 - 3) Биржа инсайдерлері тізіміне енгізуге негіздеме;
 - 4) Биржа инсайдерлері тізіміне енгізуге негіздеменің пайда болу датасы;
 - 5) Биржа инсайдерлерінің тізімінен шығару датасы.
13. Биржа инсайдерлерінің тізімі, оған енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды Биржаның өкілденген құрылымдық бөлімшесі жеке ішкі құжат түрінде дайындалады және Биржа Басқармасына бекітіледі.
14. Биржа инсайдерлерінің тізіміне енгізу немесе осы тізімнен шығару туралы хабарлама, осы Ережелердің 1 Қосымшасында келтірілген нұсқа бойынша қалыптастырылып, Биржа инсайдері болып табылатын тұлғаға, осы тұлғаның Биржа инсайдерлері тізіміне енгізілу немесе осы тұлғаны аталмыш тізімнен шығару датасынан кейінгі келесі жұмыс күннен кешіктірмей, жолданады.
15. Егер Биржа инсайдерлері тізіміне енгізілген тұлғаның белгілі мекен-жайына Биржа жолдаған хабарламасын аталмыш тұлға, Биржаға байланысты емес себептермен алмаса, Биржа уәкілетті органға, аламыш тұлға тиісті хабарламаны алмағаны белгілі болған күннен кейін бес жұмыс күн аралығында, осындай хабарламаны алмау жағдайы туралы мәлімдейді.
16. Инсайдерлік ақпараттарды:
 - 1) орындау мерзімі басталған шетел валютасын немесе туынды қаржы құралын сатып алу немесе сату бойынша міндеттемелерді орындау шегінде операцияларды жүзеге асыруды қоспағанда, осындай міндеттемелер, инсайдерлік ақпараттардың мәлім болғанға дейін жасалған операцияның нәтижесінде пайда болған жағдайда, инсайдерлік ақпаратқа қатынасты шетел валютасы немесе қаржы құралдарымен операцияларды өз есебінен немесе үшінші жақтың есебінен жүзеге асыру үшін;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген немесе тікелей еңбектік міндеттерін атқаруға, немесе келісім-шарттың талаптарын орындауға байланысты ақпараттар беруін қоспағанда, Биржа инсайдерлері тізіміне енгізілген тұлға осы ақпараттарды басқа тұлғаға беруі арқылы;
 - 3) үшінші жақтарға нұсқаулар беріп, қаржы құралдарын немесе шетел валютасын сатып алуға немесе сатуға міндеттеу немесе итермелеу арқылы пайдалануға тыйым салынады.

17. Биржа инсайдерлерінің тізіміне енгізілген тұлғалар, инсайдерлік ақпаратын алуға¹ рұқсаттамасы бар, бағалы қағаздармен жүзеге асырған, сондай ақ Биржа акцияларымен өздері жүзеге асырған операциялардың барлығы туралы, осы Ережелердің 2 Қосымшасында келтірілген нысан бойынша, биржаға хабарлауы тиіс.
18. Заңды тұлған - инсайдер, Биржаның инсайдерлік ақпараттарына өздерінің қызмет дәрежесі мен еңбектік міндеттеріне байланысты рұқсаттамасы бар, қызметкерлері туралы ақпараттарды 5 (бес) жұмыс күн аралығында ұсынуы тиіс.
19. Биржаның өкілетті бөлімшесі, Ережелерге сәйкес жолданған және алынған хабарламаларды есепке алады. Жолданған және алынған хабарламалар туралы ақпараттар Биржада, егер өзгесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көрсетілмесе, Биржа инсайдерлерінің тізімінен шығарылған күннен кейін ең кемінде үш жыл бойы сақталады.

4 бөлім. Биржаның инсайдерлік ақпаратын алу рұқсаттамасын шектеу және мониторинг жүргізу тәртібі

20. Биржаның өкілденген бөлімшесі Биржаның және оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының инсайдерлік ақпарат алуға рұқсатты шектеу қою талаптарын орындауын және осындай инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіншілігін жоққа шығаруын бақылауды жүзеге асырады.
21. Биржаның инсайдерлік ақпаратын алу рұқсаттамасына инсайдерлер, соның ішінде Биржа қызметкерлері, Биржаның инсайдерлік ақпаратының құпиялығын сақтау туралы қағидасы қарастырылған, еңбектік және/немесе азаматтық-құқықтық келісім-шарттар негізінде, иеленеді.
22. Тиісті еңбектік және/немесе азаматтық-құқықтық келісім-шарт болмаған жағдайда, инсайдерлік ақпарат алуға рұқсаттамақажет болған тұлғаға инсайдерлік ақпарат алуға рұқсаттама алу үшін, осындай рұқсаттама беру мүмкіншілігі туралы өтінішін, осы тұлға Биржаның өкілденген бөлімшесіне қағазда жазбаша толтырылған немесе электронды-сандық қолтаңба қойылған, сауал жіберіп, осындай инсайдерлік ақпарат алу қажеттілігінің себептерін көрсетіп, сондай-ақ көшірмесін жасау қажеттілігі және/немесе ақпараттарды жоспарланған үшінші жақтарға тарату қажеттілігін белгілеп, жолдауы тиіс.
23. Өтінішке алдын-ала, өтініш беруші соның ақпаратын алуға рұқсаттама сұраған, құрылымдық бөлімшенің жетекшісі және оның кураторының қолтаңбалары қойылып, Биржаның өкілденген бөлімшесі Биржа Басқармасының қарауына жолдайды.
24. Биржа Басқармасы өтінішті қарағаннан кейін (өтініш қабылданғаннан кейін бес жұмыс күн аралығында) өтініш беруші инсайдерлік ақпарат алуға рұқсаттама алғаны немесе алмағаны туралы хабарланады. Рұқсаттама алған жағдайда өтініш беруші құпия сақтау туралы өтінішке қол қоюы тиіс.
25. Аталмыш құжаттарға қол қойылғаннан кейін, Биржа, осы Ережелердің 14 тармағына сәйкес, Биржа инсайдерлері тізіміне енгізілгені туралы хабарламасын жолдайды.

5 бөлім. Биржаның инсайдерлік ақпаратының құпиялығын қамтамасыз ету тәртібі

26. Биржа инсайдерлерінің тізіміне (соның ішінде уақытша) енгізілген тұлғалар инсайдерлік ақпаратты тек Ережелерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес пайдалануы тиіс, Биржаның Интернет-сайтында жарияланған, Биржаның инсайдерлік ақпаратының тізіліміне енгізілетін өзгертулер мен толықтыруларды өз бетінше қадағалап отыруы тиіс.

¹ Биржаның инсайдерлік ақпаратының тізіліміне сәйкес.

27. Биржа инсайдерлері, сондай-ақ Биржаның инсайдерлік ақпаратының бір бөлігін алуға уақытша рұқсаттамасы бар тұлғалар:
 - 1) Биржаның инсайдерлік ақпаратының құпиялығын сақтауды қамтамасыз етуге және, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, инсайдерлердің міндеттерін орындауға, сондай-ақ инсайдерлік ақпаратты пайдалануға қойылған тыйымдарды орындауға;
 - 2) дәрежесінен айырылған, инсайдерлік ақпарат алуға рұқсаттамасы бар тұлғалар, Биржаға қолдануындағы инсайдерлік ақпараты бар барлық ақпарат тасымалдауыштарын тапсыруға;
 - 3) Биржы қызметкерлері өздерінің тікелей жетекшілеріне немесе оның орнындағы тұлғаға, инсайдерлік ақпараттары бар құжаттардың, файлдардың, сейфтердің (қоймалардың) кілттері рұқсаттамақағаздарының немесе құпия сөздерінің жоғалғаны немесе жетіспегені туралы немесе инсайдерлік ақпаратта рұқсаттамасыздалғаны немесе осыған ұқсас деректер мен жағдайлар орын алғанда, хабарлауға міндетті.
28. Өз қызметінде инсайдерлік ақпараттарды пайдаланатын Биржаның құраламдық бөлімшелері, инсайдерлік ақпараттың тиісті құпиялық тәртіптемесін қамтамасыз ететін, инсайдерлік ақпараттың сақталуын жүзеге асыруы тиіс.
29. Биржаның құрылымдық бөлімшелері инсайдерлік ақпараттың тиісті құпиялық тәртіптемесін орындауы үшін Биржа қажетті ұйымдастырушылық-техникалық жағдайларын, соның ішінде:
 - 1) еңбектік және азаматтық-құқықтық келісім-шарттарда тиісті талаптардың болуын;
 - 2) ақпараттардың жоғалуы және ақпараттарды заңсыз алу, соның ішінде байланыс арналары бойынша, инсайдерлік ақпараттың құпиялығын қорғаудың ақпараттық-техникалық жүйелері мен қорғау құралдарының бар болуын;
 - 3) өзге де орынды шараларды қамтамасыз етеді.
30. Инсайдерлік ақпарат алуға рұқсаттама жоқ, бірақ шын мәнінде оған қол жеткізген тұлғалар:
 - 1) онымен танысуды тоқтатуға;
 - 2) инсайдерлік ақпараттардың құпиялығын сақтау бойынша қажетті шаралар қолдануға;
 - 3) инсайдерлік ақпараттың таратылу немесе ұсынылу мүмкіншілігін жоққа шығаруға;
 - 5) Биржаның өкілденген құрылымдық бөлімшесінің нұсқауымен әреке етуге міндетті.

6 бөлім. Инсайдерлік ақпаратты заңсыз қолдану және (немесе) бағалы қағаздар нарығында айлар-шарғы жасау жағдайларын анықтау және алдын алу тәртібі

31. Инсайдерлік ақпаратты заңсыз қолданудың және (немесе) бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасаудың алдын алу мақсатында, Биржа:
 - 1) осындай ақпаратты қалыптастыру немесе ұсынуды реттейтін, Биржаны ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпке сәйкес, ақпараттарды ертерек ашуды;
 - 2) инсайдерлердің Биржада қаржы құралдарымен жасайтын операциялары туралы уәкілетті органға және Биржаның өкілденген бөлімшесіне уақытылы хабарлау үдерісін қолданады.
32. Бағалы қағаздар нарығында сауда-саттықтарды ұйымдастырғанда, инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану және (немесе) бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасай жағдайларын анықтау және алдын алу тәртібі Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес реттеледі.
33. Биржалық сауда-саттықта жасалған операцияның инсайдерлік ақпаратты заңсыз қолдануымен жүзеге асырылғандығы туралы негіздері бар, Биржаның қызметкерлері, осы туралы Биржаның өкілденген бөлімшесіне дереу хабарлауы тиіс.

7 бөлім. Биржаның және оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі бақылау ережелерінің талаптарын орындауын бақылауды жүзеге асыру тәртібі

34. Осы Ережелердің талаптарын және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауын Биржаның өкілденген бөлімшесі бақылайды.
35. Инсайдерлік ақпараттың заңсыз қолданылу мүмкіндігін уақытылы анықтау және бақылау мақсатында, инсайдерлік ақпаратты заңсыз қолдану мүмкіндігін жоққа шығару үшін Биржаның өкілденген бөлімшесі инсайдерлік ақпарат алуға рұқсаттамасы бар тұлғаларды, сондай-ақ Биржа қызметкерлерін Ережелердің талаптарын орындауын жүйелі түрде бақылауды жүзеге асырады.
36. Өкілденген бөлімше өз бастамасымен, кез келген уақытта, Ережелердің талаптарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасын тиісті орындалуын тексеру жүргізе алады, сонымен қатар Биржа қызметкерлерінен түсініктеме алуға, құжаттармен танысуға және, Биржаның инсайдерлік ақпараты сақталатын, өңделетін және қорғалатын техникалық құралдарға рұқсаттама алуға құқылы.
37. Өкілденген бөлімшенің қызметкерлері өз қызметтік міндеттерін тиімді орындауы үшін, Биржаның инсайдерлік ақпараты сақталатын, Биржаның кез келген бөлмелеріне кедергісіз кіруге құқылы. Бұл ретте Биржаның барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері, өкілденген бөлімшенің қызметкерлеріне олардың қызметтік міндеттерін тиісті орныдауы үшін қажетті көмек көрсетуге міндетті.
38. Инсайдерлік ақпараттың заңсыз рұқсаттама алуына немесе пайдаланылуына жол беретін мүмкіндіктерді анықтау мақсатында, өкілденген бөлімшенің қызметкерлері, осындай деректерді жою бойынша шаралар қолдану үшін Биржа Президентіне дереу хабарлайды.
39. Инсайдерлік ақпараттың заңсыз рұқсаттама алуы немесе пайдаланылуы деректері анықталған жағдайда өкілденген бөлімшенің қызметкерлері осы ақпаратты Басқармаға жеткізіп, тәртіп бұзушыға қатынасты тәртіптік немесе азаматтық-құқықтық шаралар қолдану бойынша сұрақты қарауды бастамалайды.
40. Биржаның өкілденген бөлімшесі осы Ережелердің талаптарын орындау бойынша Биржаның өкілденген бөлімшесінің жұмысына жетекшілік ететін басшыға тоқсандық есеп береді.
41. Биржа қызметкерлері өздерінің тікелей басшыларына және өкілденген бөлімше қызметкерлеріне, оларға мәлім болған кез келген деректер, атап айтқанда:
 - 1) қызметтік міндеттеріне сәйкес ашылуға жатпайтын, бірақ клиенттерден немесе өзге тұлғалардан мәлім болған, Биржаның инсайдерлік ақпараты;
 - 2) инсайдерлік ақпараттарды рұқсаттамасыз алу мүмкіндігінің бар болуы;
 - 3) Биржаның инсайдерлік ақпаратын заңсыз қолдануы, соның ішінде Биржа қызметкерлерінің, Биржа инсайдерлерінің, Биржаның клиенттерінің және серіктестерінің, сондай-ақ жоғарыда аталмыш тұлғалардың кез келгенінің туыстарының жеке басының пайдасына қолданылуы туралы мәлімдеуі тиіс.

8 бөлім. Жауапкершілік

42. Биржаның инсайдерлік ақпаратын заңсыз алғаны, пайдаланғаны және таратқаны үшін, тиісті тұлғалар, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Биржаның ішкі құжаттарына және Биржаның келісім-шарттарының талаптарына сәйкес, тәртіптік және (немесе) азаматтық-құқықтық, және (немесе) әкімшіліктік, және (немесе) қылмыстық жауапкершілікке тартылады.
43. Биржаның инсайдерлік ақпаратын заңсыз пайдаланғаны үшін кінәлі тұлғалардан Биржа аталмыш әрекеттерімен тигізген залалын өтеуді талап етуге құқылы.

9 бөлім. Қорытынды қағидалар

44. Ережелер және оған енгізілген барлық өзгертулер мен толықтыруларды Биржалық кеңес бекітіп, Биржаның Интернет-сайтында мемлекеттік және орыс тілдерінде, уәкілетті органмен келісілген күннен кейін, 15 жұмыс күн аралығында жарияланады.
45. Ережелердің қағидалары Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасы артықшылықты күші болады.

Президент

Қ.Қ.Дамитов

Инсайдерлік ақпараттарды
пайдаланудың ішкі
бақылауын жүргізу
Ережелеріне

1 Қосымшасы

Датасы _____

**Тұлғаны "Қазақстан қор биржасы" АҚ инсайдерлері тізіміне енгізу туралы
(инсайдерлер тізімінен шығару туралы)**

Х А Б А Р Л А М А

№	1. Ұйым туралы мәлімет	
1.1	Ұйымның толық атауы	
1.2	Ұйымның орналасқан жері	
1.3	Пошта хат-хабарларын алуға арналған өзге мекен-жайы	
1.4	Ұйымның телефонының нөмірі	
1.5	Ұйымның факсінің нөмірі	
1.6	Ұйымның электронды поштасының мекен-жайы	

№	2. Биржа инсайдерлерінің Тізіміне енгізілген тұлға туралы мәлімет	
	<i>Инсайдер – заңды тұлға үшін</i>	
2.1	Заңды тұлғаның толық атауы	
2.2	Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуін (қайта тіркеуін) растайтын құжаттың деректемелері	
<i>Инсайдер – жеке тұлға үшін</i>		
2.1	Инсайдердің аты, әкесінің аты, тегі	
2.2	Инсайдердің туылған күні	
2.3	Инсайдердің туылған жері	
2.4	ЖСН	

Инсайдерлік ақпараттарды
пайдаланудың ішкі
бақылауын жүргізу
Ережелеріне

2 Қосымшасы

Дата _____

**Инсайдердің қаржы құралымен, шетел валютасымен
жүзеге асырған операциясы туралы**

Х А Б А Р Л А М А

№	Сұрақтар	Жауаптар
1.	Инсайдер - жеке тұлғаның А.Ә.Т. /Инсайдер - заңды тұлғаның толық атауы	
2.	Инсайдер - жеке тұлғаның жеке куәлігінің деректемелері / Инсайдер - заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуін (қайта тіркеуін) растайтын құжаттың деректемелері	
3.	Инсайдер - жеке тұлғаның тіркеу орны/ Инсайдер - заңды тұлғаның орналасқан жері	
4.	Инсайдер, соның инсайдерлері тізіміне енгізілген, тұлғаның толық атауы	
5.	Операцияның (мәміленің) жасалған күні	
6.	Операцияның (мәмілені) түрі	
7.	Операцияның (мәміленің) сомасы	
8.	Бағалы қағаздың (бағалы қағаздармен жасалатын операциялар үшін) түрі, санаты (тұрпаты), сериясы	
9.	Бағалы қағаз эмитентінің толық атауы (бағалы қағаздарме жасалатын операциялар үшін)	
10.	Бағалы қағаздардың тіркеу нөмірі (бағалы қағаздармен жасалатын операциялар үшін)	
11.	Бір бағалы қағаздың бағасы (репо мәмілелерін қоспағанда, бағалы қағаздармен жасалатын операциялар үшін)	
12.	Репо келісім-шарты бойынша бір бағалы қағаздың бағасы	
13.	Бағалы қағаздарлдың саны (бағалы қағаздармен жасалатын операциялар үшін)	
14.	Туынды қаржы құралы болып табылатын келісім-шарттың түрі (туынды қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер үшін)	
15.	Туынды қаржы құралы болып табылатын, келісім-шарттың нөмірі (туынды қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер үшін)	

16.	Туынды қаржы құралы болып табылатын, бір келісім-шарттың бағасы (туынды қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер үшін)	
17.	Туынды қаржы құралы болып табылатын, келісім-шарттардың саны (туынды қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер үшін)	
18.	Туынды қаржы құралы болып табылатын, келісім-шарттардың орындау бағасы (туынды қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер үшін)	
19.	Валюта түрі (валютамен жасалатын операциялар үшін)	
20.	Мәміле бағамы	

Инсайдер – жеке тұлға үшін:

Қолыв _____ АӨТ _____

Инсайдер – заңды тұлға үшін:

Қызметі _____ Қолы _____ АӨТ _____